

Бекітемін
ЖШС «Кенсары 07»
«Балбөбек» жеке балабақшасы
менгерушісі  А.К. Бисенова



№1 педагогикалық кеңестің Хаттамасы

Тақырыбы «Жаңа оқу жылындағы бөбекжай қызметінің негізгі бағыттары».

Мақсаты: 2024-2025 жаңа оқу жылында тәрбиелеу-оқыту жұмысын ұйымдастыру. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру. Тамыз кеңесі материалдарымен таныстыру.

Өткізген күні: 02 қыркүйек 2024 жыл

Қатысқан: 7 педагог

Қатыспаған: жок

Педкеңес төрайымы: А.К.Бисенова

Хатшы: Н.А.Бектұрсынова

Күн тәртібінде:

1. Бөбекжай менгерушісі А.К.Бисенованың алғы сөзі. Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтау. Күн тәртібімен таныстыру

2. Білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің материалдарымен таныстыру. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру

3. Жазғы сауықтыру – шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту

4. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту:

- жылдық мақсат пен міндеттерді;
- оқу жоспарларын бекіту;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бөлу кестесі;
- перспективалық жұмыс жоспарлары;
- күн тәртібі кестесін бекіту

5. Тренинг «Өзіне деген сенімділікті арттыру» әдіскер Н.А.Бектұрсынова

«Мен 2024-2025 оқу жылы...» мақсатты тренинг: Тәрбиеші Б.А.Аманғалиева

6. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту.

Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі А.К.Бисенова сөз алды. Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына толағай табыстар тіледі. Тәрбиеленушілердің мониторингісіне тоқталып, балалардың коммуникативтік білім дағдыларын дамыту бойынша іс-әрекеттерді көбейтуді тапсырды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Н.А.Бектұрсынова білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің материалдарымен таныстырды. Биылғы бағдарлама жоспары бойынша «DIGITAL KAZAKHSTAN: Заманауи білім беру» бағыты негізінде балалар

мен педагогтарды жасанды интеллект түрлерімен таныстыруды бастайтынын айтты және кешенді жұмыстар басталатынын жеткізді. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру жүргізді. Презентацияда әр бөлім бойынша өзгерістер толықтай айтылды, бағдарлама аясында бөбекжай миссиясы анықталды. Жаңа оқу жылы жасанды интеллект технологияларын меңгеру жылы болатынын ескертті, онымен қоса балаларға экологиялық білім беру, қауіпсіздік туралы нұсқаулықтар жан-жақты түсіндірілді. 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдама бойынша «Біртұтас тәрбие» бағытында кешенді бағдарлама аясында жұмыс жасалатынын айтып, дамытушы орталықтарды кеңейтуді ескертті. Балаларға арналған ұлттық бұрышта арнайы қамшы өру, шаш өру бұрыштарын және балаларға арнайы жайлы демалыс орны болуы керектігін де атап өтті. Тәрбиешілердің сұрақтарына жауап берілді, нұсқаулық бойынша аналар, әжелер, әкелер мектебі бойынша кешенді жұмыстар жалғасатынын да айта кетті.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер жазғы сауықтыру – шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын қорытындылады. Жазғы сауықтыру кезеңінде үш кезекші топ жұмыс жасады, әр апта сайын ауданға есеп жіберіліп отырды, ресми парақшаға жазғы сауықтыру кезеңінде 34 видеоматериал жүктелгенін атап өтті. «Құрметті педагог, сіз үшін жазғы сауықтыру кезеңі қалай өтті?» тақырыбында жасанды интеллект көмегімен қорытынды жасасақ. Шедеврум аи нейрожелісі арқылы жазғы сауықтыру кезеңін қорытындылайық. Сіз өз сипаттамаңыз бойынша нейрожелі көмегімен сурет саласыз, салынған суретке түсіндірме жасалды. Педагогтардың нейрожелі арқылы салған суреттері:

Төртінші мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. 2024-2025 оқу жылы шыққан әдістемелік нұсқаулық хат негізінде мерекелік іс-шаралар талқыланды. Жаңа оқу жылындағы өзгерістер айтылды. Педагогтардың сұрақтарына жауап берді. Барлық топтарға ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі, вариативтік бөлім кестесі, перспективалық жоспарлары, таңғы жаттығу және әңұран айту кестесі, күн тәртібі кестесін бекітіліп, таратылды.

Бесінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Н.А.Бектұрсынова педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына мотивациялық «Өзіне деген сенімділікті арттыру» тақырыбында тренинг өткізді. Барлық педагогтар қызығушылықпен қатынасты. Жаңа оқу жылына әр педагог өзінше серпін алды, тренинг барлық педагогтың көңілінен шықты. Тәрбиеші Б.А.Аманғалиева «Мен 2024-2025 оқу жылы...» мақсатты тренингісін өткізді. Мақсаты: әр педагог жаңа оқу жылына мақсат қою, мақсатқа жетуі үшін алдына міндеттер қою, №5 педагогикалық кеңесте осы жазылған міндеттері бойынша қорытынды жасалатынын ескертті.

Ішкі тәртіп ережелерін қайта айтып меңгеруші педагогтарға жұмысқа кешікпеулерін және ата-аналар жиналысын өткізу қажеттігін атап өтті. Әрбір іс-әрекеттерде ата-аналармен тығыз байланыста болуларын ескертті. Балалардың тазалығы мен төлемақысын қадағалауды тапсырды.

Педагогикалық кеңестің шешімі қабылданды.

Бекітемін:
ЖШС «Кенесары 07»
«Балбобек» жеке балабақшасы
менгерушісі А.К.Бисенова



2024-2025 оқу жылының №2 педагогикалық кеңесінің хаттамасы

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымында дене шынықтыру- сауықтыру қызметінің жүйесі» Дөңгелек үстел

Мақсаты: Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мамандарының ойын құзыреттілігін арттыру. Балаларды жан-жақты дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді, түрлі технологияларды енгізу, педагогтардың білімдерін кеңейту.

Өткізген күні: 01 қараша 2024 ж

Қатысқан: 7 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: А.К.Бисенова

Хатшы: Н.А.Бектұрсынова

Күн тәртібінде:

- №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы
Әдіскер Н.А.Бектұрсынова
 - «Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамытудағы дәстүрден тыс ойын әдіс – тәсілдерін қолдану жолдары» баяндама
Әдіскер Н.А.Бектұрсынова
 - «Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамытудағы дәстүрден тыс ойындардан шеберлік сағаты»
Әдіскер Н.А.Бектұрсынова
 - «Мектепке дейінгі ұйымында дене шынықтыру- сауықтыру қызметінің жүйесі» баяндама
Тәрбиеші Г.Г.Кадемова
 - Тақырыптық бақылау.
Мектепке дейінгі ұйымда балаларды сауықтыру шаралары
Медбике: Кабдуллиева Н.Х
 - Әр түрлі мәселелер
 - Педкеңес қорытындысы, шешім қабылдау.
Педагогикалық кеңес дәстүрлі түрде өтті
- Бірінші мәселе бойынша №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы әдіскер Н.А.Бектұрсынова тоқталып, қабылданған

шешім қорытындысында қабылданған іс-шаралардың қаншалықты орындалғанына назар бөліп, толықтырылмаған жұмыстарға белгілі уақыт белгілеп, орындалуын талап етті. Және атқарылған шаруаларды толық қанағаттанбағандығын атап өтті.

2. Мектепке дейінгі ұйымында дене шынықтыру- сауықтыру қызметінің жүйесі дөңгелек стол басында талқылау жұмыстарын әдіскер Н.А.Бектұрсынова өткізіп, дене шынықтыру мен сауықтыру қызметінде мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі жұмысының сапасын және тиімділігін арттыру қазіргі педагогика ғылымының және қоғамның алдына қойған маңызды ісі болып табылады. Ал дене тәрбиесі арқылы баланың денсаулығын нығайту, өмірге қажетті қозғалыс дағдыларының дұрыс қалыптасуын іске асыру мемлекеттік маңызды жұмыс. Мықты денсаулықтың, дененің дұрыс жетілуінің, жоғары жұмыс қабілетінің негізі нақ осы мектеп жасына дейінгі балалық шақта қаланады, қозғалыс қызметінің қалыптасуы, сондай-ақ дене қасиеттерінің бастапқы тәрбиесі де осы жылдарда өтетіндігін айта отырып, тәжірибе түрінде бірлесіп, ортаға салды.

Өмірді қорғау мен денсаулықты нығайту, бала организмінің қызметін жетілдіру, оның денені дұрыс жетілдірудегі ықпалы, жұмыс қабілетін арттыру дене жағынан тәрбиелеудегі ең басты міндеттер болып табылатындығына барлық тәрбиешінің көзін жеткізді.

Сонымен бірге, стол барысындағы әңгімеде -бұл міндеттердің маңыздылығы мынада: ағзаның тез өсуіне және дамуына қарамастан, олардың қызметі жетілмеген, организмнің қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды, сондықтан сүйек жүйелері мен байланыс буын аппаратының дұрыс әрі мерзімімен жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан дөңестерінің дұрыс жетілуіне ықпал жасау қажет екендігіне көз жеткізді.

3. Әдіскер Н.А.Бектұрсынова «Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамытудағы дәстүрден тыс ойындардан шеберлік сағатын жүргізді. Шеберлік сағаты нені қамтыды:

1. Қозғалыс белсенділігін дамыту және үйлестіру, денешынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру;

2. Денсаулықты нығайтуға көмектесетін ептілік, жылдамдық және үйлестіре жүру, жүгіру, секіру, шапшандық секілді дене сапаларын дамыту;

3. нейрогимнастикалық ойындарды тиімді ұйымдастыру

4. ритмикалық ойындар ойнауда әуендерді дұрыс таңдау

5. Салауатты өмір салты туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру.

Осыған байланысты нұсқаудың негізгі мақсаты – аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін тиімді әдіс-тәсілдер, құралдар мен технологияларды көрсету. Туралы мәлімет беріп, келешекте оқу-тәрбие жұмыстарында кеңінен пайдалануға кеңес берді.

4. Дене шынықтару ҰІӨ баланың денсаулығын алдын-алу үшін жасалатын жұмыс, нәтижесі баяндама, слайд, график жөнінде Б.Т.Даулетова

Балалар денсаулық сақтауға және нығайтуға арналған іс – шараларды жүзеге асыру. Салауатты өмір салты туралы біліммен дағдыны қалыптастыру. Алған білімдерін күнделікті пайдалана білуге үйрету.

Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата – ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала бақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөлінеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне балабақшаның маңызы зор.

Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл – ойы айқын, өз – өзіне сенімді, жан – жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс дене құрлысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады, деп түсіндіріп көрсетті

5. Медициналық тұрғыда балабақша балаларының денсаулығын жақсарту мақсатында жүргізілетін түзетушілік жұмыстарын, сауықтыру шараларын тиімді ұйымдастыру, талдау жасау туралы мониторинг түрінде Мектепке дейінгі мекемедегі балалардың дені сау, психологиялық және интеллектуалдық тұрғыда жан – жақты қалыптасқан, бастауышқа дайын болған мекеме

Тәрбиешінің балалармен жұмыс жүргізуіндегі денсаулық сақтау технологиялары баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене жаттығуларын жасауға қызғушылықтарын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсартуда мектепке дейінгі мекемеде денсаулықсақтау технологияларының түрлері:

Балабақшада оқу — тәрбие жұмыстарын заман талабына сай жүргізу, баланың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық және педагогикалық қызметкерлердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. Осындай мәселені шешу барысында біздің анықтағанымыз, баланың денсаулығын нығайтуда және аурудың алдын — алуда тек қана баланың қимыл белсенділіктерін көтеру өте аз, сонымен қатар шынықтыру шараларын жүйелі өткізу керек. Ол үшін педагог дәстүрлі жұмыстарға дәстүрден тыс жұмыс түрлерінің жүйесін тудыруы жөн.

Мысалы, жалаң аяқ жүру табан мен буындарды бекіту әдісі болып табылғандықтан барлық жаттығуларды жалаң аяқ ұйымдастырған өте ұтымды болады. Ертеңгілік жаттығуда әртүрлі формаларды қолдану:

Тыныс алу жаттығулары

Жалпақ табандылықтың алдын — алу жаттығулары

Сымбатты түзету жаттығулары

Созылу(стретчинг) жаттығалары

Йога жаттығулары

Көзге арналған жаттығулар

Танертеңгі жаттығудан кейін тыныс алу немесе тұзды жолмен жүру өте тиімді.

Сонымен қатар, дене тәрбие сабақтарында дәстүрден тыс құрал — жабдықтарды қолданған жөн деп, бұл жұмыстарды ұйымдастырумен бірге мониторинг түрінде салыстырып отыру керектігін де атап өтті.

Қаулы:

1. Педагогикалық кеңесте қозғалған өзекті оқу-тәрбие жұмыстарына қатысты іс-шараларды жүзеге асырып, қорытындысын келесі кеңесте талқылау
2. Барлық тәрбиешілер дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттерге дене шынықтыру нұсқаушысына көмектесу.
3. Балабақша тәртібін сақтап, жұмысты одан әрі жандандыру.

Төрайымы:

Хатшы:



А.К.Бисенова

Н.А.Бектұрсынова

Бекітемін:
ЖШС «Кенесары 07»
«Балбөбек» жеке балабақшасы
менгерушісі А.К.Бисенова



**№3 педагогикалық кеңесінің
хаттамасы**

Тақырыбы: Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту және логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.

Мақсаты: педагогикалық ұжымның осы бағыттағы жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу.

Өткізген күні: 15 қаңтар 2025 жыл

Қатысқан: 7 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: А.К.Бисенова

Хатшы: Н.А.Бектұрсынова

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. № 2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.
Менгеруші: А.К.Бисенова
2. 2024-2025 оқу жылындағы балалардың қаңтар айындағы білім деңгейлерінің сараптамасы
Әдіскер: Н.А.Бектұрсынова
3. Баяндама: «Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар».
Тәрбиеші: Г.Х.Шынгалиева
4. Іс-тәжірибе: «Ойнай жүріп ойлайық».
Тәрбиеші: Г.Г.Кадемова
5. «Ертегі сыр шертеді» шеберлік сағаты.
Тәрбиеші: Б.А.Аманғалиева
6. Әр түрлі мәселелер
Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту.

2024-2025 оқу жылының №3 педкеңесі дәстүрден тыс өтті. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.К.Бисенова сөз алды. №2 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып, өте жақсы деген баға берді. Топтарды орталықтарға бөлу бойынша бірнеше нұсқаулар берілді. Орталықтарды ары қарай жандандыра беруді тапсырды.

Екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Н.А.Бектұрсынова 2024-2025 оқу жылындағы балалардың қаңтар айындағы білім деңгейлерінің сараптамасына тоқталды. Бастапқы бақылау парағы мен аралық бақылау парақтары бойынша есеп берді. Балалардың білім көрсеткіштері пайыздық мөлшермен көрсетілді. Балалардың білім сапасын арттыруға жұмыстар жасалу қажеттілігі ескерілді. Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Г.Х.Шыңғалиева «Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар» тақырыбында ойындар көрсетті. «Логика қайда?» логикаға арналған интеллектуалдық ойын өткізді. Педагогтарды екі топқа бөліп педагогтардың ойлау қабілеттерін шыңдады. Одан соң ертегіні сахнау бойынша «Аю мен маса» ертегісін атрибуттарды қолдану арқылы ертегіні сахналап шықты. Педагогтарға өзара рөл бөлініп, рөлге сәйкес ертегіні сомдады. Қорыта айтқанда, балаларды көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалды ойындар арқылы дамытудың маңызын атап өтті.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші Г.Г.Кадемова «Ойнай жүріп ойлайық» тақырыбында іс-тәжірибе жүргізді. Педагогтарды бір сызыққа тұрғызып «Ия-жоқ» ойынын ойнатты. Ойын барысында сыни ойлау, тез шешім қабылдау дағдылары қалыптасты. Бірінші ойында жеңіске жеткен алты педагог нейрожаттығулармен жаттығып, «Крестики-нолики» ойынын ойнады. Жеңген педагогтармен «Түстерді ажырат» ойынын ойнады. Соңында қалған педагогтар медальдармен марапатталды. Ойнау арқылы көптеген дағдылардың қалыптасатынына педагогтардың көзі жетіп, қызығышылықтары артты.

Бесінші мәселе бойынша тәрбиеші Б.А.Аманғалиева «Ертегі сыр шертеді» шеберлік сағатын өткізді. Көлеңке театры арқылы балаларға ертегі сомдатудың маңыздылығын атап өтті. «Аю мен қояндар» ертегісін педагогтар рөлге бөліп көлеңке театрында сомдап шықты. Шеберлік сағатынан соң педагогтар ерекше әсерленді.

Әр түрлі мәселелер бойынша әдіскер Н.А.Бектұрсынова топтардың ішкі безендірілуі мен орталықтарға бөлінуге байланысты баға берілді. Топтардың айлық жұмыстары бойынша есептерді уақытында тапсырып, өткізіп отыруды ескертті. Бөбекжай меңгерушісі А.К.Бисенова ішкі тәртіп пен төлемақыны уақытында төлетіп отыруды тапсырды. Педагогикалық кеңес қорытындыланды, шешім шығарылды.


Бекітемін:
ЖШС «Кенесары 07»
«Балбобек» жеке балабақшасы
меңгерушісі  А.К.Бисенова

№4 педагогикалық кеңесінің хаттамасы

Тақырыбы: «Бөбекжайдағы іс-әрекет процесі»

Мақсаты: Педагогикалық ұжымның жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу.

Өткізген күні: 27 наурыз 2025 жыл

Қатысқан: 7 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: А.К.Бисенова

Хатшы: Н.А.Бектұрсынова

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. № 3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.
Меңгеруші: А.К.Бисенова
2. Баяндама: «Иновациялық технология арқылы балалардың шығармашылық- танымдық қабілеттерін дамыту»
Тәрбиеші: Б.Т.Даулетова
3. Тренинг. Мақсаты: тәрбиеленушілерден қазіргі заманғы отбасы туралы нақты жағдайларға идеалды көзқарастарды талдау, тәжірибесін басқаларға өнеге ету, біліктілігін жетілдіру.
Әдіскер: Н.А.Бектұрсынова
4. «Менің педагогикалық жаңалығым»
Тәрбиеші: Г.Г.Кадемова
5. «Иновациялық әдіс-тәсілдер» шеберлік сағаты.
Тәрбиеші: Г.Х.Шыңғалиева
6. «Сөйлейтін қабырға» стенді бойынша шеберлік сағаты
Тәрбиеші: Б.А.Аманғалиева
7. Әр түрлі мәселелер

Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту.

2024-2025 оқу жылының №4 педкеңесі дәстүрден тыс өтті. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.К.Бисенова сөз алды. №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып, жақсы деген баға берді.

Педагогтар арасындағы әріптестің қарым-қатынас бойынша ескертпелер туралы айтылды. Топтарды орталықтарға бөлу бойынша бірнеше нұсқаулар берілді. Орталықтарды ары қарай жандандыра беруді тапсырды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Н.А.Бектұрсынова «Бақытты отбасы» тренинг өткізді. Мақсаты: тәрбиеленушілерден қазіргі заманғы отбасы туралы нақты жағдайларға идеалды көзқарастарды талдау, тәжірибесін басқаларға өнеге ету, біліктілігін жетілдіру. Жас ата-аналарға нұсқау берудегі тәрбиешілердің ұстануы тиіс бірнеше ережелермен таныстырды. «Бақытты болудың» және «Бақытты отбасы» құрудың критерийлері талқыланды..

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Г.Х.Шыңғалиева «Инновациялық әдіс-тәсілдер» шеберлік сағатын өткізді. Кіші және ортаңғы топ балаларына арналған ойын түрлерімен таныстырды, жылжымалы түрде жасалынған ойын түрлерін таныстырды. Әріптестері сұрақтарын қойып, шеберлік сағаты өте жақсы көрсілді.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші Б.А.Аманғалиева «Сөйлейтін қабырға» стенді бойынша шеберлік сағатын көрсетті. Жылжымалы сөйлейтін қабырға беттеріндегі ойындардың ойналу тәртібі мен мақсаттарымен таныстырды. Әріптестерінің сұрақтарына жауап беріліп, шеберлік сағаты талқылаумен аяқталды. Педагогтар өздеріне ерекше әсер алды, сөйлейтін қабырғалардың қажеттілігін білді.

Іс-тәжірибе барысында ұлттық құндылықтарды негізге алып, «Қазан асық ойыны» таныстырылды. «Өрнектер мен текше» жаңа ойыны таныстырылып, педагогтар ойынның ойналу ережесімен танысты. Әріптестерінің сұрақтарына жауап беріп, әр педагог өзіне қажетті идеялар алды.

Әр түрлі мәселелер бойынша әдіскер Н.А.Бектұрсынова топтардың ішкі безендірілуі мен орталықтарға бөлінуге байланысты баға берілді. Топтардың айлық жұмыстары бойынша есептерді уақытында тапсырып, өткізіп отыруды ескертті. Балабақша меңгерушісі А.К.Бисенова ішкі тәртіп пен 2024-2025 оқу жылының атқарылатын жұмыстарына нұсқаулар берілді. Төлемақыны уақытында төлетіп отыруды тапсырды, педагогтар арасындағы әріптестік қарым-қатынастарды нығайтуға тапсырды. Бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнатуды сұрады. Педагогикалық кеңес қорытындыланды, шешім шығарылды.

№4 педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Тапсырылмаған тапсырмалар мен циклограмма жазылмағаны үшін әдіскерден түсінік хат басшыға түскен жағдайда еңбек ақысынан шегерілсін.
2. Топтар мен залдар безендірілсін, дамытушы орталықтар толықтырылсын. .
3. Әріптестер арасында өзара тілтабысулық, бірлік болсын. Ұжым тәртібіне бағынышты болсын, Келесі келеңсіз жағдайда балабақша тәртіп ережесін бұзса басшы тарапынан ескерту жазылсын.
4. Күн режимі бақылауға алынсын.

Директор:
Хатшы:



А.К.Бисенова
Н.А.Бектұрсынова



№ 5 педагогикалық кеңесінің Хаттамасы

Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылында жылдық міндеттердің іске асырылуы, жылдық қорытынды»

Мақсаты: 2024-2025 оқу жылындағы педагогтар мен тәрбиеленушілердің жетістігін саралау, жылдық жоспар бойынша жұмыстарға қортынды шығару, педагогтардың кәсіби шеберліктерін талдау жасау.

Өткізген күні: мамыр

Қатысқан: 7 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: А.К.Бисенова

Хатшы: Н.А.Бектұрсынова

Күн тәртібінде:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы

Меңгеруші: А.К.Бисенова

2. 2024-2025 оқу жылындағы балалардың білім сапасы туралы есеп

Әдіскер Н.А.Бектұрсынова

3. «Бала үні» коучингі. «Қарындаштың бес қыры» әңгімесі бойынша талдау

Әдіскер Н.А.Бектұрсынова

4. Педагогтардың жылдық есебіне талдау жасау.

Барлық педагогтар

5. Кері байланыс

6. Әр түрлі мәселелер

7. Педкеңес қорытындысы, шешім қабылдау

1. Бірінші мәселе бойынша №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы менгеруші А.К.Бисенова тоқталып, қабылданған шешім қорытындысында қабылданған іс-шаралардың орындалғанын және атқарылған шаруаларға өте жақсы деп баға берді.

2. Әдіскер Н.А.Бектұрсынова 2024-2025 оқу жылындағы жетістіктерге тоқталып, мониторинг бойынша білім сапасына тоқталып өтті. Балабақша

тәрбиеленушілерінің жалпы саны –69 , қорытынды бақылау парақтары бойынша жоғары деңгейдегі балалардың пайыздың көрсеткіші физикалық қасиеттерді дамыту дағдысы бойынша - 91%, коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша - 78%, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша - 79%, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша – 81%, әлеуметтік-эмоционалды

дағдыларды қалыптастыру бойынша - 84 % білім көрсеткішін көрсетті.

Балабақша педагогтары қалалық, облыстық, республикалық дәрежедегі бірнеше дипломдармен, алғыс хаттармен марапатталғанын атап өтіп, әрқайсысына жеке тоқталды.

3. «Бала үні» коучингін әдіскер Н.А.Бектұрсынова жүргізді. Педагогтарға үш топқа бөлініп отыруды ұсынады. Бүгін біз бала үнін ғана естіп қоймай педагогтардың үнін тыңдайтын боламыз деді. 3 топқа мыжылған қағаз берілді. Осы мыжылған қағаздан бір зат жасап беруді сұрады. Бірақ мыжылған қағаздан әдемі зат шықпады, мақсатсыз берілген тапсырма болғандықтан ештеңе дұрыс шықпағанын айтты. Егер педагог мақсатты түрде барлық іс-әрекеттерді ұйымдастырса, жұмыстарының табысты болатынын айтты. Одан соң таза ақ қағаздар таратылды, қағаздардан бала бейнесін жырту әдісімен ешқандай қайшы қолданбай, бала бейнесін жасауды сұрады. Бұл жерде әр педагог өзінше бала бейнесін жасап шықты. Әр педагогтың ерекше тұлға екенін, әрқайсысы бөлек әлем екенін, бір-бірімен салыстыруға келмейтіндіктерін атап өтті.

«Қарындаштың бес қыры» әңгімесін оқып берді. Мәтін мазмұныны бойынша талдау жасалды. «Әжесі неліктен немересінің қарындашқа ұқсағанын қалады?» деген сұраққа топпен жауап берді. «Бұл жерде педагогтардың қандай 5 қыры басым болғанда жұмыстарыңызда табысты боласыздар?» талқылау сұрағына жауаптарын дайындап, топтық жұмыс жүргізілді.

Қарындаштың бес қыры:

- 1 қыры – бағыттаушы қолы
- 2 қыры – төзімділік
- 3 қыры – қателігін түзету. (өзінен және тәрбиеленушіден)
- 4 қыры – ішкі дүниенді бақыла
- 5 қыры – із қалдыру

Бұл жердегі қарындаштың бес қырының әрқайсысына тоқталып өтті.

4. Педагогтардың жылдық есебіне талдау жасау бөлімі бойынша әр топқа үш түрлі тапсырма берілді. Бірінші топ: барлық педагогтардың жылдық есебімен танысып, талдау жасады, қорытынды шығарды. Екінші топ: педагогтар арасындағы тәжірибе алмасу, баланы қызықтырудағы әдістер, ішкі тәртіп ережелерін талдады. Үшінші топ: 2024-2025 оқу жылына жылдық жоспар құрды.

Әр топ өзіне берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салып талдау жұмыстарын жүргізді. Әр тақырып бойынша өз критерийларын қорғап, өз ойларын

жеткізді. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарының орындалуы бойынша есеп берді.

5. Әр түрлі мәселелер бойынша меңгеруші А.К.Бисенова сөз алып, педагогтардың 2024-2025 оқу жылындағы жұмыстарына бағасын беріп, алдағы еңбек демалыстарының жақсы өтуіне тілектестік білдірді. Топтардағы балалардың тазалығы мен бөбекжай төлемақысын уақытылы төлеу қажеттігі айтылды. Еңбек демалысына кететін педагогтарға кету парағын толтыру қажеттігі ескерілді, барлық құжаттамалардың дұрыс толтырылуын әдіскер Н.А.Бектұрсыноваға тапсырды.

6. Педкеңес қорытындысы бойынша меңгеруші А.К.Бисенова сөз алды. Барлық топтардағы құжаттамалардың уақытылы орындалғанын айтты. Бүгінгі педкеңестің жаңашыл форматта өткізілгенін баса айтты. Әдіскерге жаңашылдығы үшін алғысын білдірді. Алдағы уақыттарда осы жұмыстардың жалғастырылуын сұрады. Еңбек демалысына кететін барлық педагогтарға жақсы демалыс тіледі.

Қаулы:

1. Оқу жылының барлық құжаттары тігілсін, тапсырылсын.
2. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары толықтай жаңартылсын.
3. Шығармашылық ізденіс жандансын, жаңа оқу жылына жаңа көзқараспен келсін.
4. Еңбек демалысына педагогтар кестеге сай жіберілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



А.К.Бисенова

Н.А.Бектұрсынова